

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Шымкент қ.

№6

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Ауанасова Камилла Мусировна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ, свідетельство негізінде әрекет ететін Басшысы Утегенова Сауле Лескызы атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 16-бап 3-тармақ 35-тармақша егер мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішіндегі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімдегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса. Осы тармақша өнім беруші алдыңғы жылы жасалған шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан асырылмай қолданылады «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 022-015-141 Азық-түлік өнімдерін сатып алу(ірімшік,шұжық және т.б);

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 5 072 116.00 (бес миллион жетпіс екі мың жүз он алты тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 543 441.00 тенге (бес жүз қырық үш мың төрт жүз қырық бір тенге нөл тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.



2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 022 Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 141 Азық-түлік өнімдерін сатып алу ерекшелігі бойынша - 5 072 116.00 (бес миллион жетпіс екі мың жүз он алты тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2025 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;
- 5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы құрайтын Шарттың сомасының 152 163.50 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, antidemprt_sum 152 163.50 (жүз елу екі мың жүз алпыс үш тенге елу тиын) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін; Осы тармақшаның талаптары тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды.

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 595-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамауының негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды



қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда,



Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.



5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)



не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті күннің немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге



міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Мердігер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Мердігер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтары жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып



табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы

актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
г.Шымкент, район Тұран, Б. Алпысбаева, 125б
БСН 000840002504
БСК ККМФКЗ2А
ЖСК KZ58070102KSN5901010
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 8-771-386-92-15 завсклад,
8-700-761-33-95 менеджер
Директор Ауанасова Камилла Мусировна

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):
УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ
г.Шымкент, МИКРОРАЙОН САМАЛ-1,
УЛИЦА Жандосова, 2829
БСН/ЖСН 620314402782
БСК EURIKZKA
ЖСК KZ1894815KZT22045056
"Еуразиялық Банк" АҚ
Тел.: 87017078886
Басшысы Утегенова Сауле Лескызы



Абревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
022-015-141 : Азық-түлік өнімдерін сатып алу							Азық-түлік өнімдерін сатып алу(ірімшік,шұжық және т.б)					



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ірімшік	қатты	" Сыр 1 сортты, қатты консистенциялы, ашық сары түсті, бөтен иіссіз және қоспасыз, сиыр сүтінен түйіршікті. Майсыздандырылған затта ылғалдың салмақтық үлесі 54-тен 69% - ға дейін, майлылығы 45% - дан кем емес. Өндіру күні. Сапа сертификаты, қаптамадағы жарамдылық мерзімі. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар ҚР СТ көзделген стандарттарға сәйкес немесе жоғары болады, тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық автомашинада тасымалданады. Сәйкестік сертификаты және әр партияға сапасыздық куәлігі. Партияның орамында сату мерзімдері көрсетілуі тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен кемінде 2/3 жеткізу. Жүзеге асыру мерзімі 5 айдан аспайды."	Килограмм	153	1 008.00	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (153)	0	154 224.00
--	--	---------	-------	---	-----------	-----	----------	---	---	---	---	------------



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шұжық	пісірілген-кептірілген	Жоғары санатты деликатес шұжық. Бөгде иіссіз, дәмі жоқ, қабықшадағы ақ түссіз, құрғақ зеңсіз және қабықшадағы шырышсыз. Дәмі жағымды, соя қоспай. Құрамы: сиыр еті, тұз, сарымсақ, крахмал, смесь специ. Дайындалған күні мен жарамдылық мерзімі орамда көрсетілуі тиіс. ҚР СТ сәйкес. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар ҚР СТ көзделген стандарттарға сәйкес немесе одан жоғары болады. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес жабық автомашинада тасымалданады. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен 2/3-тен артық емес. Зауыт қаптамасында 10 кг. дейін әрбір партияға ветеринариялық-зертханалық анықтама. Әрбір партияда іске асыру мерзімі көрсетілуге тиіс	Килограмм	115	1 008.00	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (115)	0	115 920.00
--	--	-------	------------------------	--	-----------	-----	----------	---	---	---	---	------------



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Май	тәтті кілегейлі	"Сиыр майы сары-тәтті сары, тұздалмаған, 72 %, консистенциясы біртекті, бөтен дәмсіз және иіссіз, түсі ақ-сарыға дейін, қағазға 200 гр., жеткізу сәтіндегі қалдық жарамдылық мерзімі 60 күннен кем болмауы тиіс, ҚР өндірісі, ҚР СТ сәйкес келеді. Дайындалған күні мен жарамдылық мерзімі орамда көрсетілуі тиіс. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар ҚР СТ көзделген стандарттарға сәйкес немесе жоғары болады, тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық автомашинада тасымалданады. Сәйкестік сертификаты және әрбір партияға сапа туралы куәлік. Әрбір қаптамада сату мерзімі көрсетілуі тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен кемінде 2/3 жеткізу. Жарамдылық мерзімі 90 күннен аспайды."	Килограмм	365	1 030.40	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (365)	0	376 096.00
--	--	-----	-----------------	--	-----------	-----	----------	---	---	---	---	------------



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ірімшік	майлылығы 14%, балаларға арналған	" Сүзбе. Дәмі мен иісі: таза, қышқыл сүт. Консистенция: жұмсақ, біртекті, шашыраңқы. Жұмсақ жарманың болуымен біртекті емес консистенцияға жол беріледі. Түсі: ақ сары реңкті, бүкіл массаға тең. Жеткізу сәтіндегі қалдық сақтау мерзімі 30 сағаттан кем болмауы тиіс, ҚР ТШ сәйкес болуы тиіс. ҚР СТ сәйкес сүзбе орамасы. Сәйкестік сертификаттары, ветеринарлық қызмет анықтамаларының болуы. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар ҚР СТ көзделген стандарттарға сәйкес немесе жоғары болады, тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық автомашинада тасымалданады.. Сәйкестік сертификаты және әрбір партияға сапа туралы куәлік. Әрбір қаптамада сату мерзімі көрсетілуі тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен кемінде 2/3 жеткізу. Жарамдылық мерзімі 10 күннен аспайды."	Килограмм	592	784.00	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (592)	0	464 128.00
--	--	---------	-----------------------------------	--	-----------	-----	--------	---	---	---	---	---------------



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тауық	тоңазытылған, тұтас ет, I санат	1-санатты тауықтар (жартылай тазартылған) жақсы қансыздандырылған, таза болуы тиіс. Бөгде қоспасыз, бөгде иіссіз, нәжіссіз ластануларсыз, көрінетін қан ұйытқысы жоқ, ішек пен клоак, кеңірдектің, өңештің, жетілген репродуктивті ағзалардың қалдықтарысыз, тоңазытқыштарсыз, төгілген өт дақтары жоқ. Иісі-бұл құс түрінің жаңа етіне тән. Бұлшықет тінінің түсі-бозғылт-қызғылт. Тері жарылмаған. Сынықсыз және деформациясыз сүйек жүйесі. Мұздатылған: I санатты ұшалар. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар ҚР СТ көзделген стандарттарға сәйкес немесе одан жоғары болады. Тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес жабық автомашинада тасымалданады. Жарамдылық мерзімі 6 айдан аспайды, t -12 кезінде. Әрбір партияға ветеринариялық-зертханалық анықтама. Әрбір партияда іске асыру мерзімі көрсетілуге тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен кем дегенде 2/3 жеткізу	Килограмм	344	784.00	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (344)	0	269 696.00
--	--	-------	---------------------------------	---	-----------	-----	--------	---	---	---	---	------------



Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шырын	томаттық, концентрлі	Қабаттар қосылған концентрацияланған. Сапасыз қызанақтардан алынған шырын СТ РК 1578-2006. 2.0 л. шыны банкі. Бір айға сынақ хаттамасы, әрбір партияға сараптама актісі. Әрбір партияда іске асыру мерзімі көрсетілуге тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен кемінде 2/3 жеткізу. Жарамдылық мерзімі 24 айдан артық емес	Литр	1026	414.40	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (1026)	0	425 174.40
Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кой еті	суытылған, ширек, I санат	Ет тығыз. Еттің сыртқы түрі құрғақ, ал кесіндіде бөлінетін ет шырыны мөлдір. Ет жақсы қансыздандырылған, май консистенциясы тығыз және жабысқақ емес. Өнімнің ерекше иісі бар. Түсі ашық қызыл-қызыл қоңырға дейін, май ақ-сары. Балмұздақ, Ветеринариялық қызметтің және мал сою цехының анықтамаларының болуы	Килограмм	265	1 422.40	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (265)	0	376 936.00



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Жұмыртқа	тауықтың, асханалық, жоғарғы санатты	1 санатты жұмыртқа-тауық жұмыртқасы стандарттың және ветеринарлық заңнаманың талаптарына сәйкес келеді. Бір жұмыртқаның салмағы 55г кем емес, 10 жұмыртқа 560г, 360 жұмыртқа 20,2 кг кем емес. Қабығында беттік 1/8 уден аспайтын жеке нүктелер мен жолақтардың болуына жол беріледі. Қабықта қандақтары мен саңылау болмауы керек. Жұмыртқалар жуылмайды. ҚР СТ бойынша таңбалау анық болуы тиіс. Қаптамасы қатырма қағаздан жасалған жәшіктерге ҚР СТ. .Сәйкестік сертификаты. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар ҚР СТ көзделген стандарттарға сәйкес немесе жоғары болады, тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық автомашинада тасымалданады. Сәйкестік сертификаты және әрбір партияға ветеринарлық зертханалық қосарвка.Әрбір қаптамада сату мерзімі көрсетілуі тиіс. Жеткізу сәтінде сату мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 2 / 3 күн. Іске асыру мерзімі кемінде 90 күн.	Дана	7617	50.40	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (7617)	0	383 896.80
--	--	----------	--------------------------------------	---	------	------	-------	---	---	--	---	------------



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сиыр еті	суытылған, ширек, I санат	"Ет белгіленген тәртіппен бекітілген Ет және тамақ өндеу өнеркәсібі кәсіпорындары үшін санитарлық ережелерді сақтай отырып, Технологиялық нұсқаулықтар бойынша осы стандарттың талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс. Етті таңбалау белгіленген тәртіппен бекітілген етті таңбалау жөніндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі. Еттің қоңдылығы категориялары: - бірінші санатты ет-дөңгелек таңба, диаметрі 40 мм; - жас малдан алынған етте қоңдылығы таңбасының оң жағында М әрпі, биіктігі 20 мм болуы тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен 2/3-тен артық емес. Зауыт қаптамасында 10 кг. дейін әрбір партияға ветеринариялық-зертханалық анықтама. Әрбір партияда іске асыру мерзімі көрсетілуге тиіс"	Килограмм	1034	1 814.40	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (1034)	0	1 876 089.60
--	--	----------	---------------------------	--	-----------	------	----------	---	---	--	---	--------------



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сазан	балғын	Жас балық "балық және балық өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентіне сәйкес болуы тиіс. Жабраның түсі қызғылт, денесі таза, мөлдір жассыз, иісі жоқ. Жас Сазан, қабыршықсыз тазартылған 1 сортты балық, басы жоқ жартылай тазартылған, ұзындығы 30-35 см., беті таза, табиғи түсті, зақымсыз, дұрыс өңдеу, консистенциясы тығыз, балғын балықтың иісі. Сазан иісі жоқ. Буып-түю жәшігі 5 кг. сәйкестік Сертификаты, ветеринарлық қызмет анықтамаларының болуы. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар ҚР СТ көзделген стандарттарға сәйкес немесе жоғары болады, тез бүлінетін жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық автомашинада тасымалданады. Әрбір партияға ветеринариялық-зертханалық анықтама. Жарамдылық мерзімі 6 айдан аспайды. Әрбір қаптамада сату мерзімі көрсетілуі тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен кемінде 2/3 жеткізу.	Килограмм	475	1 030.40	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (475)	0	489 440.00
--	--	-------	--------	---	-----------	-----	----------	---	---	---	---	---------------



	Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының "№6 балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шұжық	пісірілген-кептірілген	"Шикізат: сиыр еті ГОСТ 779-55, қой еті ГОСТ1935-55, жоталы шпик, бүйірлі шпик, тері асты және курдючный бараний шикі майы, ас тұзы ГОСТ13830-84, азот қышқыл натрий ГОСТ 4197-74, құмшекер ГОСТ21-78, кристалды глюкоза ГОСТ 975-75, қара бұрыш, ақ, хош иісті, кориандр, тмин, дәмдеуіштердің қоспасы, сарымсақ. Стандарттарға сәйкес таңбалау. Шұжық салынған пакеттер арнайы контейнерлерге салынған. Жарамдылық мерзімі 6 айдан аспайды, t -12 кезінде. Әрбір партияға ветеринариялық-зертханалық анықтама. Әрбір партияда іске асыру мерзімі көрсетілуге тиіс. Жеткізу сәтінде өткізу мерзімінен кем дегенде 2/3 жеткізу "	Килограмм	153	918.40	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шарт күшіне енген сәттен бастап Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қаңтар-ақпан 2025ж	Шымкент қ., Тұран ауданы Б. Алпысбаев көшесі №125 б (153)	0	140 515.20
--	--	-------	------------------------	--	-----------	-----	--------	---	---	---	---	---------------



Договор о государственных закупках товаров

г.Шымкент

№6

Коммунальное государственное учреждение «Детский центр оказания специальных социальных услуг №6» управления занятости и социальной защиты города Шымкент, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Ауанасова Камилла Мусировна, действующий на основании Устава, с одной стороны и УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Утегенова Сауле Лескызы, действующий на основании свидетельства, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании пп. 35) п.3 ст. 16 Закона если имеется необходимость в осуществлении государственных закупок ежедневной и (или) еженедельной потребности на период до подведения итогов государственных закупок и вступления в силу договора в случае, если такие государственные закупки осуществляются по перечню, утвержденному уполномоченным органом, в объеме, не превышающем объема государственных закупок таких товаров, работ, услуг, необходимого для обеспечения потребности заказчика в течение срока проведения государственной закупки, но не более чем на два месяца. Настоящий подпункт применяется в случае отказа поставщика на продление действия договора, заключенного в предыдущем году, если такие государственные закупки осуществляются в течение первого месяца года, или в случае создания (реорганизации) заказчика в течение текущего финансового года, но не более чем на два месяца Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Из одного источника путем прямого заключения договора» заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 022-015-141 Приобретение продуктов питания(сыр,колбаса и т.д);

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
